

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Ресей авиация-ғарыш агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкеріне кандидаттардың Ю.А.Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынау орталығында жалпығарыштық дайындықтан өту тәртібі мен шарттары туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 маусымдағы N 510 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Ресей авиация-ғарыш агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкеріне кандидаттардың Ю.А.Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынау орталығында жалпығарыштық дайындықтан өту тәртібі және шарттары туралы хаттамаға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Ресей авиация-ғарыш агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне кандидаттардың Ю.А.Гагарин атындағы ғарышкерлер даярлайтын Ресей мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынақ орталығында жалпығарыштық дайындықтан өту тәртібі мен шарттары туралы ХАТТАМА**

Бұдан әрі "Жіберуші тарап" деп аталатын, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және бұдан әрі "Қабылдаушы тарап" деп аталатын Ресей авиация-ғарыш агенттігі, бұдан әрі бірге "Тараптар" деп атала отырып,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 10 желтоқсандағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартын, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы 2000 жылғы 19 маусымдағы "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша бұдан арғы ынтымақтастық туралы меморандумды басшылыққа ала отырып,

Қазақстан Республикасы Президентінің Ресей Федерациясы ғарыш саласының басшыларымен Мәскеу қаласында 1999 жылғы 1 сәуірде болған кездесуінде қол жеткізілген Қазақстан Республикасының екі ғарышкерін дайындықтан өткізу туралы

у а ғ д а л а с т ы қ қ а

о р а й ,

ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы екі жақты ынтымақтастықты дамытуға талпынысты негізге ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Қабылдаушы тарап Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне екі кандидаттарды ғарышкерлер даярлайтын Ю.А.Гагарин атындағы Ресей мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынақ орталығында (бұдан әрі - Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО) жалпығарыштық дайындықтан өту үшін қабылдайды.

## 2-бап

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне екі кандидаттарды жалпығарыштық дайындықтан өткізу бойынша шығындарды өтеу Қабылдаушы т а р а п қ а жү к т е л е д і .

К ө р с е т і л г е н шы ғы н д а р :

оқытушылар құрамымен, оқу құралдарымен, зертхана жабдығымен, оқу жоспарлары және бағдарламаларына сәйкес ғарышкерлер даярлаудың техникалық қ ұ р а л д а р ы м е н ;

кітапханалармен, оқу процесі үшін қажетті оқу және спорт залдарымен өзге де ү й - ж а й л а р м е н ;

Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО-дан тыс жерлердегі дайындық өткізу орнына жеткізу к ө л і г і м е н ;

д ә р і г е р л і к қ ы з м е т к ө р с е т у м е н ;

Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО ғарышкерлерге кандидаттар үшін қолданылып жүрген нормалар бойынша техникамен жұмыс істеу үшін қажетті арнайы киіммен қамтамасыз е т у шы ғы н д а р ы н қ а м т и д ы .

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне кандидаттарді Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО күтіміне байланысты шығындар Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады және ол:

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне кандидаттар үшін белгіленген нормалар бойынша стипендия және жәрдемақы төлемдерін;  
осы Хаттаманың 6-бабына сәйкес көлік шығындарын;  
тұру үшін тұрғын үй жалдау бойынша шығындарды;  
арнайы тамақтануға арналған шығындарды;

Москва және Москва облысынан тыс жерлерде дайындық өткізу кезіндегі іссапар шығындарын (көлік шығындарын қоспағанда) қамтиды.

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне кандидаттардың қатарындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметкерлері ұлттық әскери киіммен жүруі мүмкін.

### **3-бап**

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне кандидаттарды даярлау орыс тілінде жүзеге асырылады.

### **4-бап**

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне кандидаттар, соның ішінде Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО-ға отбасымен жіберілгендер тұру үшін тұрғын үймен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Қабылдаушы тарап Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне кандидаттарді және олардың отбасы мүшелерін уақытша тіркеу бойынша шаралар қабылдайды.

### **5-бап**

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне кандидаттардің олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне Қабылдаушы тараптың медициналық мекемелерінде тегін шұғыл және амбулаторлық дәрігерлік көмек көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне кандидаттардің отбасы мүшелерін тексерудің қымбат тұратын түрлері және стационарлық бөлімде емдеу Қабылдаушы тараптың медициналық мекемелерінде ақы төлеп жүзеге асырылады.

### **6-бап**

Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО-да жалпығарыштық дайындықтан өтетін Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне кандидаттарді жыл сайын жазғы уақытта ұзақтығы 45 тәулік кезекті демалыс беріледі.

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне кандидаттардің жалпығарыштық дайындықтан өтуі үшін Ю.А. Гагарин атындағы ҒДО-дағы жұмыс (қызмет) орнынан ауысуы және оны аяқтаған соң, жұмыс (қызмет) орнына ауысуы, сондай-ақ демалысқа шығуы мен одан келуінің көлік шығындарын Жіберуші тарап өз есебінен қамтамасыз етеді.

### **7-бап**

Ю.А. Гагарин атындағы ҒДО-да жалпығарыштық дайындықтан өтетін Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне кандидаттар Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО-ның ішкі тәртібін сақтауы тиіс.

Сынаушы-ғарышкерлерге кандидаттардің ағымдағы дайындық деңгейін және тренажерлық құралдардың жағдайын ескере отырып, дайындықтың бағдарламасы мен жоспар-кестесін Қабылдаушы тарап бір жақты тәртіппен өзгертуі мүмкін.

## **8-бап**

Жалпығарыштық дайындық бағдарламасын талап етілген көлемде орындаған және Қабылдаушы тараптың талаптарына сәйкес емтихан тапсырған Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне кандидаттарді сынаушы-ғарышкер мамандығы беріледі және Ю.А. Гагарин атындағы ҒДО-ның үлгісіндегі куәлік тапсырылады.

## **9-бап**

Осы Хаттаманы түсіндіру және қолдануға байланысты туындауы мүмкін даулы мәселелерді Тараптар келіссөздер мен консультациялар арқылы шешетін болады.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша Хаттамалармен рәсімделетін болады.

## **10-бап**

Осы Хаттама үш жыл мерзімге жасалады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

\_\_\_\_\_ қаласында 2003 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қазақ және орыс тілдерінде, екі данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманы түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

*Қазақстан Республикасының  
Көлік және коммуникациялар  
министрлігі үшін*

*Ресей  
авиация-ғарыш*